

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
201_ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 201_ года
№ _____

*2019 жылғы 4 желтоқсанда
жарияланды*

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Б. М. Сапарбаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бердібек Машбекұлы!

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің Қызылорда облысында жақында өткен көшпелі отырысында депутаттар Талдыарал ауылында орналасқан Қазақ республикалық лепрозорийі мемлекеттік мекемесінде науқастармен және медициналық қызметкерлермен кездесу өткізді.

Қазақ республикалық лепрозорийі мемлекеттік мекемесі еліміздегі лепра ауруына мамандандырылған медициналық көмек көрсететін ерекше типтегі бірден-бір ұйым болып табылады.

Бүгінгі таңда аталмыш мекеме 75 төсек орынға арналған. Республика бойынша есепте 361 лепра науқасы және 270 тығыз қатынаста болғандар тіркеуде тұрады. Соңғы 10 жыл көлемінде 6 жаңадан анықталған жағдайлар және лепраның 5 аурудың қайта қозуы (рецидив) жағдайы тіркелген. Соңғы науқас 2017 жылы анықталған. 80 % науқастар осыдан 50-60 жыл бұрын ауыра бастағандар. Көпшілігі 75-80 жаста.

Кездесу барысында мекеменің қазіргі таңдағы өзекті мәселелері мен бірқатар сұрақтары көтерілді. Атап айтсақ: мекеме Астрахань қаласының Тері ауруларының ғылыми зерттеу орталығымен тығыз байланыста жұмыс атқаруда. Мамандар білімдерін осы орталықта жетілдіреді. Ал, Қазақстанның білім және ғылыми институттары мүмкіншілікті пайдаланып, ғылыми зерттеу жұмыстарын өткізіп, қоян-қолтық жұмыс істеудің орнына шеттеліп, тыс қалып отыр.

Мекемеде дәрі-дәрмектерге байланысты жиі туындайтын мәселелердің бірі, Лепра ауруында жиі кездесетін созылмалы трофикалық жараларға қолданатын әр түрлі жақпа май (мазь), крем, гелдер, бұрын жиі қолданыста болған гепатопротекторлар, кардио-ангиопротекторлар, ноотроптар, т.б дәрілік заттардың дәрілік формулярдың тізбесінде болмауына байланысты, оларды алып беру мүмкін емес. Өкінішке орай, науқастар басқа мекеме дәрігерлеріне жүгінген кезде олар осы формулярдағы жоқ, алайда бөлшек саудада бар осы препараттарды тағайындайды, бұл жағдай өз кезегінде наразылықтың туындауына себеп болып отыр.

Науқастар Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының (ВОЗ) лепра бойынша ұлттық бағдарламасы аясында арнайы еммен тегін қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, лепра науқастары аурудың асқынған зардаптары және қосалқы аурулары бойынша тегін медициналық көмектің кепілді көлемі аумағында мамандандырылған медициналық көмек алады.

Екінші мәселе, диагностикалық тексерулер (УЗИ, КТ, МРТ, т.б.) және арнайы мамандарға, оның ішінде, окулист, невропатолог, эндокринолог, онколог дәрігерлерінің кеңесін алу үшін ұзақ уақыт күту қажеттігі қиындық тудырады.

Үшіншіден, лепра ауруымен ауыратын науқастарға арнайы статус белгілеу, сонымен қатар, оларға және олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі де қозғалды.

Төртіншіден, лепра инфекциясының аса қауіпті ерекшеліктерін, ұзақ мерзімді инкубациялық кезеңін, жұғу жолдарының осы уақытқа дейін толық белгісіз болуын, қызметкерлер еңбегінің физикалық және психологиялық тұрғыда өте ауыр екендігін, қоғамда қалыптасқан «лепрофобияны» ескере отырып, осы салада еңбек етіп жатқан медицина қызметкерлерінің еңбекақысын көтеру аса өзекті мәселелердің бірі екендігі айтылды.

Қазақ республикалық лепрозорийі мемлекеттік мекеме болғандықтан, қызметкерлердің айлық жалақысын арттыру, сыйақы берілу, кәсіби зияндығына қосымша төлем төлеу, сондай-ақ мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау сұрақтары шешімін таппай отыр. Қазіргі таңда дәрігерлердің орташа жалақысы – 127 мың теңге (республика бойынша – 139 мың теңге).

Бесіншіден, лепрозорийдің материалдық-техникалық және шаруашылық базасының ескіргенін де байқадық.

Атап айтсақ, арнаулы санитарлық автокөліктер соңғы рет 10 жыл бұрын берілген. Денсаулық сақтау саласын цифрландыру, яғни «Қағазсыз медицина» электрондық құжат айналымын жүзеге асыру кезеңінде компьютерлердің жеткіліксіздігі, медициналық жабдықтар және тағы басқа негізгі құралдар бойынша соңғы бес жылда тиісті қаржы бөлінбеген.

Алтыншы, жылу қазандығының ескіруі.

Жылу қазандығы 1965 жылы іске қосылған, тозығы жетіп, апаттық жағдайда тұр. Ол туралы тиісті мекемелердің актісі де бар. Жылына 2000 тонна көмір отыны пайдаланылады. ҚР Денсаулық Сақтау Министрлігіне жаңа бу қазандығын құру туралы ұсыныс берілген.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді ескере отырып, төмендегідей ұсыныстарды енгіземіз:

- қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету;
 - диагностикалық тексерулер мен тар ауқымды мамандардың кеңестерін дер кезінде өткізу;
 - науқастарға және олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсету мәселесін қарастыру;
 - осы салада еңбек етіп жатқан медицина қызметкерлерінің еңбекақысын арттыру;
 - лепрозорийдің материалдық-техникалық және шаруашылық базасын жақсарту;
 - жаңа бу қазандығын құру;
 - емдік дәрі-дәрмектермен толықтай қамтамасыз ету үшін лепрамен ауратындарды емдеудің стандарттары мен клиникалық хаттаманы қайта қарау;
 - қамтамасыз етудің балама жолдарын қарастыру, соның ішінде демеушілік және гуманитарлық;
 - Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы консультациялық, емдеу-диагностикалық және ғылыми зерттеулер жүргізуде көмек көрсете отырып, лепрозорий орталығының жұмысына белсенді қосылсын.
- Атап өтілген мәселелер мен ұсыныстарды ескере отырып, Сіздерден осы сауалды қарап, заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша жауап берулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен,
«Nur Otan» партиясы
Фракциясының және Әлеуметтік
мәдени даму комитетінің мүшелері,
депутаттар

З. Аманжолова
Н. Жұмаділдаева
Б. Мамраев
Ж. Омарбекова
К. Мұсырман
Б. Смағұл
А. Нұркина
Ф. Қаратаев
Н. Әлімжанов
М. Айсина
Б. Хаменова
А. Ералиев
Г. Шиповских